



Диссертациялық кеңестің 2017 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІНұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті

(үйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

Исламтану/дінтану бойынша диссертациялық кеңесДиссертациялық кеңестің төрағасы Дербісәлі Әбсаттар Бағысбайұлы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым

саласындағы бақылау комитетінің 2016 ж. «31 » наурыздагы № 316 бүйрекмен
бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

6D021500 «Исламтану» мамандығы бойынша;6D020600 «Дінтану» мамандығы бойынша диссертация қоргауды қабылдауға рұқсат
берілген.**1. Откізілген отырыстың саны туралы деректер**

Есеп беріліп отырған мерзімде кеңесте 4 отырыс өткізілді.

2. Откізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы) – Муминов Ә.К. (шетелде іс-сапарда болуына байланысты)**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі**

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО
1	Манабаев Бағдат Маханович	6D020600- «Дінтану»	Орталық Азия мұсылман құқығы тариҳындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл- Исбиджабиді н (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы	Отандық ғылыми кеңесші: Тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры Муминов Әшірбек Құрбанұлы (Астана қ. Қазақстан) Шетелдік ғылыми кеңесші: Әл-Азhar университетінің (PhD) докторы, профессор Али	Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті

				Махмуд Ахмад (Каир қ., Мысыр Араб Республикасы)	
2	Кайрбеков Нурлан Евфратович	6D020600- «Дінтану»	Место и значение Мухаммада ибн Ахмада ал-Исбиджаби в истории мусульманского права в Центральной Азии (на основе данных его сочинения «Зад ал- фукаха'»)	Отандық кенесші: Тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры Муминов Әшірбек Құрбанұлы (Астана қ. Қазақстан) Шетелдік кенесші: Әл-Азнар университетінің (PhD) докторы, профессор Али Махмуд Ахмад (Каир қ., Мысыр Араб Республикасы)	Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Қорғалған диссертациялық зерттеулердің тақырыбы дінтану саласымен байланысты.

Манабаев Бағдат Маханұлының «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы 'Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақ жерінен шыққан ортағасырлық құқықтанушы ғұлама 'Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің ғылымдағы және ислам құқығы тарихындағы орны мен маңызын ғылыми түрғыдан зерттеп-зerdeлеуге арналған. Зерттеуші маман Қарахандар дәуірінде өмір сүрген атапмыш ғалымның ханафи мазхабы негізіндегі ислам құқығы бойынша алға тартқан ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарына оның «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» атты еңбегін негізге ала отырып, ғылыми талдау жасау арқылы ғалымның ғылымдағы және ислам құқығы тарихындағы орны мен маңызын айқындаған. Сондай-ақ диссертант XI-XII ғасырларда Орталық Азияда билік құрган Қарахан мемлекеті ұстанған діни саясат пен діни идеологияға діни әрі тарихи түрғыдан талдау жасаған.

Кайрбеков Нұрлан Евфратұлының «Место и значение Мухаммада ибн Ахмада ал-Исбиджаби в истории мусульманского права в Центральной Азии (на основе данных его сочинения «Зад ал-фукаха'») атты диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақ жерінен шыққан ортағасырлық құқықтанушы ғұлама Мұхаммад ибн Ахмад әл-Исбиджабидің ғылымдағы және ислам құқығы тарихындағы орны мен маңызын ғылыми түрғыдан

зерттеп-зерделеуге арналған. Зерттеуші маман аталмыш ғалымның ханафи мазхабы негізіндегі ислам құқығы бойынша алға тартқан ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарына оның «Зәд әл-фуқаха» атты еңбегін негізге ала отырып, ғылыми талдау жасау арқылы ғалымның ғылымдағы және ислам құқығы тарихындағы орны мен маңызын айқындаған.

4.2. Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ респубикалық мақсатты және өнірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертациялар Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университетінің Білім беру бағдарламаларына, университеттегі Даму стратегиясына, Дінтанды ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ төрт диссертацияның да Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» және ұлттық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

4.3. Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау

Манабаев Бағдат Маханұлының «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы» атты диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында дінтанды, ислам тарихы, философия пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабактарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады. Ғылыми жұмыстың нақтылаған құнды материалдарын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, дінтанды, мәдениеттану, мәдени антропология, әлеуметтік философия, тарих және құқық салалары бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курсарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабактарын журғізуде пайдалануға болады.

Қайрбеков Нұрлан Ефратұлының «Место и значение Мухаммада ибн Ахмада ал-Исбиджаби в истории мусульманского права в Центральной Азии (на основе данных его сочинения «Зад ал-фуқаха»)» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында исламтану, дінтанды, ислам тарихы, философия, мәдениеттану пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабактарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңестің отырысында қорғауға ұсынылған екі диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттерді тағайындау қаралып, реєсми рецензенттер бекітілді. Әр докторанттың диссертациялық жұмысы үшін ғылыми дәрежесі бар және диссертанттың зерттеу саласы бойынша 5 ғылыми мақаласы бар екі рецензенттен тағайындалды. Манабаев Бағдат Маханұлының «Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы ‘Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы» атты диссертациялық жұмысының рецензенттері ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Сатершинов Бақытжан Менлібекұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану белгілімінің менгерушісі, мамандығы – 09.00.11.

2. Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлы – «Исламтану» мамандығы бойынша (PhD) докторы, мамандығы – 6D021500

Қайрбеков Нұрлан Ефратұлының «Место и значение Мухаммада ибн Ахмада ал-Исбиджаби в истории мусульманского права в Центральной Азии (на основе данных его сочинения «Зад ал-фукаха'»)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензент ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Сейтахметова Наталья Львовна – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институты, исламтану белгілімінің жетекші маманы, мамандығы – 09.00.13

2. Мухиддинов Рашид Сражұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент м.а., мамандығы – 10.02.20

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негізdemесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 ж. «31» наурыздағы №126 бүйрекшімен (2012 жылғы 18 мамырдағы №225, 2013 жылғы 4 мамырдағы №172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы №56 бүйрекпен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

6D021500 «Исламтану» және 6D020600 «Дінтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімінің үш жылдан кейін де жалғасын табуын ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	6D020600- «Дінтану»	6D021500- «Исламтану»
Қараудан алғыншыптасталған диссертациялар	-	-

Оның ішінде диссертациялық кеңестің алғып тастағандары	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	2	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-

Диссертациялық кеңестің

төрағасы

Ә.Б. Дербісәлі

Диссертациялық кеңестің

ғалым хатшысы

А.Б. Акимханов

